<question> Бала 1 айда. Екі жұма аралығындай кезенді түрде тамақтан кейін құсу байқалады. Құсық массаларында өт қоспасы болуы. Объективті қарауда – көздің ақ қабығы мен тері жабындыларының аздаған сарғыштығы, іштің жоғарғы бөлігінің кампиюы байқалады. Бауыр оң жақ қабырға доғасынан 1 см шығынқы. Рентгенологиялық зерттеу жүргізгенде асқазанда ауаның болуы және он екі елі ішектің тарылуы анықталған. Жоғарыда айтылған өзгерістердің дамуына әкелетін себеп:

<question> Созылмалы панкреатитпен ауыратын 13 жастағы балада стрессті жағдайдан кейін (мектептегі бақылау жұмысы), іштің жоғарғы бөлігінде кенеттен белдемелі ауырсыну, жеңілдік әкелмейтін құсу болды. Іштің пальпациясында Кертте, Мейо-Робсон, Шоффар симптомдары оң болды. Биохимиялық қан анализінде амилаза мөлшері жоғарлаған. Патологиялық процесстің негізінде жатқан маңызды патогенетикалық механизмі болып табылады:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР		62/22 () 80 беттің 30 беті

<question> 5 айлық балаға қосымша тағам берілгеннен кейін іш өту пайда болды. Үлкен дәреті көп мөлшерде, иісі сасық. Баланың дене салмағы азайған, әлсіздік байқалады. Жалпы қарағанда – бала жүдеу болып келеді, іші қампиған. Лактозаға қарағанда гликемияның өсуі– 3,5 ммоль/л. Іш өтудің себебін ата:

<question> Арнайы емес жаралы колитте ішек шырышты қабатының созылмалы қабынуы дамиды. Бұл немен байланысты орын алады:

<question> Муковисцидоз кезінде шығару бездерінің секретінің артық тұтқырлығы немен байланысты:

<question> 7 жасар қыз бала қан араласқан құсу жайлы дәрігерге жеткізілген .Анасының айтуы бойынша осының алдында бала эпигастрий аймағының ауырсынуына және аппетиттің болмауына шағымданған.Таңертең бала бірнеше рет көп мөлшерде құсты, түсте «кофе қоюы» тәрізді құсу байқалды. Ауруханаға келе жатқанда басы айналды, әкесі баланы көтеріп алып келді. Бала қарқынды ем көрсету бөліміне түскеннен кейін, бірден төменде көрсетілген барлық шараларды жүргізу қажет, біреуінен басқасын:

<question> Уақытында туылған 3 күндік балада кенеттен тітіркенгіштік, көп рет құсу және екі рет қан араласқан нәжіс байқалған. Объективті қарағанда өзгерістер анықталмаған. Лабораторлы зерттеу көрсеткіштерінде – гематокрит 50%, лейкоцитоз 15 мың (нейтрофилдер 30%, лимфоциттер 50%, моноциттер 5%, эозинофилдер 15%).Зерттеу және ем тағайындау үшін қажет төменде көрсетілген шаралардың барлығы қажет , біреуінен басқасы:

<question> Созылмалы бауыр патологиясының диагностикасында төменде көрсетілген келесі зерттеулер жүргізіледі,біреуінен басқасы:

<question> 8 айлық сау ұл балада, 4 күн аралығындай іш өту, сіңірілу бұзылыстары, диурездің төмендеуі, тітіркендіргіштік, шырышты қабаттардың құрғақтығы, тері тургорының төмендеуі, тахикардия, тахипноэ байқалады, аяқ –қолдары суық. Баланы зерттеу және емдеу мақсатында қандай шаралар қолданылмайды:

<question> Науқас 9 жаста, жүрегінің айнуына,тәбетінің төмендеуіне,оң жақ қабырға астында ауырсынуға шағымданады. Анасының айтуы бойынша айтылған шағымдар ақырғы жыл ішінде мазалап жүр,жалпы жағдайы қуырылған тағам жегеннен кейін күрт нашарлаған.Баланы қараған кезде әлсіз,тері жабындылары бозғылт түсте,тілі сарғыш жабынмен жабылған, іші жұмсақ пальпацияда ауырсынады,максималды ауырсыну оң жақ қабырға астында,Ортнера,Кер симптомы оң.Берілген жағдайға параклиникалық нәтижелі әдіс болып табылады:

<question> 14 жасар Дана . Шағымдары: сарғаю, шаршағыштық, тәбетінің болмауы; ерте жастан ауырады. Ауру толқын тәріздес өтеді. Тексергенде: склералары сарғыш, терісі сарғыш, ылғалды. Бауыры үлкеймеген. Тікелей билирубин 78 мкмоль/л, АЛТ – 0,1 б, АСТ – 0,12б. Синдром:

<question > Асқазанның секреторлық және қышқыл түзуші функциясының балалардағы ойық жара ауруы кезінде тән өзгерістері:

<question> Созылмалы холециститтің өршу кезеңіне біреуінен басқасы тән:

<question> Созылмалы холециститтің өршу кезеңінде анықталатын биохимиялық өзгерістер:

<question> Созылмалы холециститте метронидазол тағайындаудың көрсеткіші:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР		62/22 () 80 бетін 31 беті

<question> Созылмалы панкреатиті бар 13 жастағы балада 2 күн бойы арқасына берілетін күрт күшейген ауырсыну, дене температурасының 38-39°C дейін жоғарлауы, жеңілдік әкелмейтін тоқтаусыз құсу мазалайды. Ішінің пальпациясында жоғарғы бөлігінде бұлшықеттердің қатаюы, әсіресе сол жақтан, сол жерде терең пальпация кезінде тығыз түзіліс бар. Бұл жағдайдың генезінде орын бар:

<question> 4 күндік нәресте. Өмірінің алғашқы сағатында тәулігіне 8 ретке дейін болған емген көлемнен артық кілегейі өтпен араласқан құсыққа шағымданады. Терісі құрғақ, тургор және эластикалығы төмендеген, нәжісі аз порциямен, меконий. Бұл жағдай тән:

<question> Науқас С., 13 жаста, дамыған полиартритке байланысты 2 ай бойы ішке индометацин қабылдап жүр. Кенеттен эпигастрий аймағында ауыру сезімі, әлсіздік, қою түстес массамен қайталамалы құсу пайда болды. Қарап тексергенде боз, пульс минутына - 120 рет, АҚҚ 90\70 мм.с.б. Іші пальпацияда жұмсақ, бұлшықеттік кернелу жоқ. Жиі болатын асқыну түрін атаңыз:

<question> Ұл бала, 9 жаста, қыжылға, тамақпен кекіруге, эпигастрий және төс артында тамақтанған соң бірден ауыру сезіміне шағымданады. ЭФГДС-те: өңештің төменгі үштен бірінде шырыш қабаты гиперемияланған, ісінген, кардиясы ашық. Асқазан мен он екі елі ішектің шырыш қабаты бұдырлы, қызғылт. Болжам диагнозды атаңыз:

<question> Қыз бала, 11 жаста. Тамақтанғаннан соң эпигастрийдегі тұйық ауыру сезімі мен ауырлық сезіміне, кекіру, жүрек айну, ауыздағы жағымсыз дәмге шағымданады. Метеоризм, диарея. Боз, "жылтыраған" тіл. Кейде тілдің күйі сезімі, қол-аяқта «құмырсқа жыбыры» сезімі. ЖҚС гиперхромдық, макроцитарлық анемия. Эндоскопияда асқазанның шырышты қабатының зақымын көрсетіңіз:

<question> Ұл бала, 14 жаста. Майлы тағам жегеннен 4 сағаттан кейін сол қабырға астында толғақ тәрізді ауру сезімі пайда болады, жүрек айну, көп ретгі құсу анықталды. Қарап тексергенде: Мейо-Робсон нүктесінде кенет ауру сезімі анықталады. Тиімді емін көрсетіңіз:

<question> 14 жастағы қыз соңғы 6 айда іштегі жиі болатын ауырсынуларға шағымданады. Ауырсыну әдетте кіндік айналасында, көбіне тамақ ішкен соң пайда болады және жүрек айнуымен өтеді. Бұл жағдайдың басты себебі барлық жоғарыда аталғандар, мынадан басқа:

<question> Төменде ас қорыту аралық секрецияның фазасы кезіндегі тұз қышқылының деңгейінің ең көп жоғарылауы тән таңдаңыз:

<question> Қыз 14 жаста. Төс артындағы ауырсынуға шағымданады. 3 жыл бойы рефлюкс-эзофагит бойынша гастроэнтерологқа қаралады. Төмендегілердің қайсысы ауырсыну синдромының себебі болуы мүмкін:

<question> Жедел стрессты ойық жараның пайда болуының ықтимал себептерін көрсетіңіз:

<question> Ойық жараны дамыту мүмкіндігін анықтайтын агрессивті факторға жатпайды:

<question> Созылмалы гастродуоденит клиникасында 2 негізгі клиникалық типті ажыратады:

<question> ТІШҰС (ДВС)-синдромының декомпенсацияланған кезеңіне тән емес:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР		62/22 () 80 бетін 32 беті

<question> Баланың диагнозы: «Идиопатиялық дерматомиозит, белсенділігі III дәрежелі, жедел ағымды, жұту, қаңқа еттерінің зақымдануы, Функционалды етіспеушілік 2 (ФЖП)».

Мәліметті тексеру әдісі:

<question> Бала 3., 10жаста, соңғы бір жылда буындарында таңғы құрысу, қолдағы әлсіздік, жұдырығын түйе алмау байқалады. Қараған кезде қол саусақтарында буындардың ұршық тәрізді өзгеруі, олардағы қимылдың шектелуі анықталады. ЭТЖ – 25-35мм/сағ. Қандай болжам диагноз қоясыз:

<question> 12 жасар қыз бала 15 минут су астында болған. Қарау кезінде өмір сүру белгілері жоқ. Қандай шара жүргізу қажет?

<question> 10 жастағы балаға дәрігер үйге шақырылды. Бала екінші тәулік бойы сырқаттанып жатыр. Дене қызуы 39,0°C. Ішкі және белі, сонымен қатар басы қатты ауырады. Терісі таза және боп-боз. 19 сағат бойы дәретке бармаған. Болжаланған диагноз:

<question> Қыз 8 жаста. Үйге дәрігер шақырылды. Екі күн бойы қатты ауырып жатыр. Дене қызуы тәулік ішінде 38,0-40,0°C дейін көтерілген; қалтырап тоңып жатыр. Қыз азып кеткен. Дәретханаға жиі барады, зәрі мөлдір емес. Болжанған диагноз:

<question> Бала 7 жаста. 5 күн бойы сырқаттанып жатыр. Дене қызуы 37,6°C. Шағымы: демалуы қиын, инспираторлық еңтікпе, әлсіздік. Қарау кезінде: тамағында өңез, сыбырлап сөйлейді, терісі боп-боз, 1 минутта ЖЖЖ 120, қатаң үн, жүректің сол шекарасы емшектің ұшынан 2 см шығып тұр. Болжанған диагноз:

<question> 13 жастағы балада мерзімді түрде көзінің ақ қабығының сарғыштығы байқалады, емделушінің інісі сондай түрдегі сары аурумен 2 рет ауырған. Физикалық тексеріс ешқандай ақау таппады. Бауырды зерттегенде келесілер анықталды: жалпы билирубин - 38,8 мкмоль/л, тіке - 3,5 мкмоль/л, АСТ, сілтілі фосфатаза - норма, сканерлеу - қалыпты. Науқастың диагнозы қандай болуы мүмкін:

<question> 8 айлық баланың физикалық дамуын бағалау кезінде оның дене салмағы 7300 г, бойы 68 см құраған. Туылған кезде баланың дене салмағы 3200 г, бойы 50 см болған. 4 айға дейін емшек берілген, содан кейін бейімдендірілген қоспаға ауыстырылған. 5,5 айдан бастап ботқа (манка, сұлы) түріндегі тамақ, 6,5 айдан бастап - көкөністер езбесі, 7 айдан бастап ет беріле бастаған. 5 айға дейін даму жасына сәйкес келген, содан кейін дене салмағы аз қосылатындығы (80-100 гр. байқалған, ал 7 айдан кейін бала дене салмағын жоғалтқан. Күніне 2-3 мәрте дәрет сындырады, мерзімді түрде 5 мәрте. Болжаланған диагноз:

<question> 10 сыныптағы оқушы күрт тоңғанына, басының сынып ауырғанына, қатты шөлдейтініне шағымданды. Ауырғанына бір күн болды. Дене қызуы 40,0° С. Есі шатасқан. Тері жабындары көк, бөксесін, санын ұсақ нүктелі петехиялардан 3-4 см өлшеміндегі қан құйылысына дейін геморрагиялық бөртпелер басқан. Қарында, арқада, қолдарында бірлі-жарым розеолезді және розеолезді-папулезді элементтер. Шүйде бұлшық еттері қатты, Керниг симптомы күмәнді, тамыр соғуы минутына 120, әлсіз толған, жүректің үні қатаң, АҚ 85/55 мм рт. ст., ЧД минутына 28. Қанда: сол жаққа ауысқан лейкоцитоз 22x10 СОЭ 26 мм/ч. Бірінші кезекте қандай ой келеді?

<question> 8 жастағы бала 1 сағат бойы ессіз қалыпта жатыр, Куссмауль тынысы, бет гиперемиясы, терінің құрғақтығы, көздің алмасы жұмсақ, аузынан ацетонның иісі шығады. 3 апта бойы шөлдеу мазасын алған, жиі дәретке барған. 1 кг азған. Сіздің алдын ала қоятын диагнозыңыз қандай?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР		62/22 () 80 бетін 33 беті

<question> Бала 1 жаста, қатты ауырып қалған, дене қызуы 38. 9 градусқа дейін көтерілген, тамаққа байланыссыз екі рет құсқан, жалпы мазасыздық, жылай береді, тамақ ішуден бас тартады, жедел жәрдеммен стационарға жеткізілген, тексеру кезінде бөксесінде, аяқтарында ұсақ нүктелі геморрагиялық бөртпе байқалған, тексергенде гиперестезия анықталған, мәжбүрлі жағдай - басты шалғайту, желке бұлшық еттерінің катаюы. Диагноз туралы сіздің пікіріңіз:

<question> Бала 8 жаста, бас ауруы, бас айналу, бір реттік құсу, жүрек айну, жалпы әлсіздікке шағымданғаннан кейін ауруханаға жеткізілген. Анамнез бойынша: дене шынықтыру сабағында жерге басымен құлаған, аз уақытқа есін жоғалтқан, кері амнезия, неврологиялық жағдай: екі жақтан конвергенцияның бұзылуы, оң жақта мұрын-ерін бөрмесінің тегістігі, гипотония, D>S, анизорефлексия, оң жақтан Бабинский симптомы, менингеальді симптомдар жоқ. 4 - 6 тәулікке қарай неврологиялық белгі кері қайтқан. Сіздің диагнозыңыз:

<question> Бала 2,5 айлық. II жартысындағы гестоз фонындағы екінші жүктілік. Туылғанда дене салмағы 3600г., бойы 53см. болған. 3,5 аптадан бастап әр тамақтандырылғаннан кейін жиі тамағын шығарып тастаудан "фонтан" тәріздес құсуға дейін орын алған. Объективті: Тері жабындары бозарған, құрғақ "мәрмәр тәріздес" суреттермен. Тері астындағы май қабаты жұқа, тін тургоры азайған, бұлшық ет гипотониясы. Ішкі органдарының ақауы жоқ. қарау кезінде баланың салмағы 4300г. Диагнозын қойыңыз:

<question> Бала 5 жаста, стационарға келіп түскен, шағымдары: тамақтан бас тартады, іші ауырады, күніне 2-4 рет сұйық үлкен дәретке барады, ұқсады, бөртпе шығып кеткен. Анықталды: орташа ауырлық жағдайы, улану симптомдары, терінің бозарыңқылығы, папулезді бөртпе, "қолғап" және "шұлық" симптомдары, экзикоз көрінбейді, күніне 3-4 мәрте дәретке барады, дәреті мол, қою жасыл түсті және жағымсыз иісті. Зоонозға РПГА- 1:400. Сіздің диагнозыңыз?

<question> Ұлтабар ойық жарасын емдеу кезінде ауру өршіген кезде не қолданылады:

<question> 7 жастағы қыз бала жиі ауырсынумен зәр шығаруға шағымданды. Зәр аз көлемде бөлінеді. Пальпация жасау кезінде қасағы аймағында ауырсыну бар. Жалпы зәр анамнезінде, лейкоцитурия. Болжам диагнозыңыз:

<question> 14 жастағы ұл балада «бутоньерки» типі бойынша саусақтарының деформациясы, саусақтарының сыртқы бетінің бұлшықеттерінің гипертрофиясы, қозғалыс көлемінің шектелуі белгілері бар. Қан анализінде ЭТЖ-33мм/сағ, латекс-тексте РФ 1:40 қатынасында. Бұдан басқа көз түбінде өзгеріс және орташа дәрежелі миопия. Бұл баланың негізгі емінде қарсы көрсеткіш болып табылады :

<question> Қыз бала, 8 жаста, клиникаға денесіндегі бөртпелерге шағым айтып түсті. Қарағанда жағдайы аса бұзылмаған, буын маңында симметриялы орналасқан петехиальді геморрагиялық бөртпелер байқалады, басқанда жоғалмайды. Ем тағайындаңыз :

<question> Науқас 10 жаста. Үш күн бұрын басынан өткізген баспадан кейін, 38⁰-қа дейін дене қызуының жоғарылауы, өз-өзін сезінуінің бұзылуы, бастың ауыруы, беттің ісінуі, зәр мөлдірлігінің өзгеруі шағымдарымен ауруханаға түсті. Объективті: тері жабындылары бозғылт, беті ісінген, АД-115/70 мм. с.б.б. Жалпы қан анализінде: ЭТЖ - 34 мм/сағ, лейкоциттер – 13,0 x 10⁹/л, с/я - 84%. Жалпы зәр анализінде: мөлдірлігі – мөлдір емес, салыстырмалы тығыздығы – 1008, ақуыз – 0,66 г/л, эритроциттер – 10-ға дейін к.а., лейкоциттер – 25-38-45 к.а. Уроцитограммада: сегментоядролы лейкоциттер –84%, лимфоцитарлы – 16%. Диагноз:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР		62/22 () 80 бетін 34 беті

<question> Қыз бала 9 жаста,эндокринологқа жолданды. Қанға толу сезімі, тершендік мазалайды. 3 ай ішінде 5 кг салмаққа арықтаған. Объективті қарағанда: эмоциональді тұрақсыз, қозғыш, жылағыш. Қозғалыс белсенділігі жоғарылаған – қол саусақтарының ұсақ треморы байқалады. Тері жабындылары ылғалды, ұстағанда ыстық; төмен қарағанда шатыраштың үстінде склерасының бөлігі көрінеді. Грефе симптомы оң. Қалқанша безі диффузды ұлғайған, тығыз, эластикалық консистенциялы және без үстінде тамырлық шу тыңдалады. Тыныштық жағдайында тахикардия, жүрек шекаралары солға қарай ұлғайған, жүрек ұшы түрткісі күшейген. Нәжісі жиілеген. Болжам диагноз :

<question> 8 айлық баланың нәжісі тұрақты емес, жағымсыз иіспен, жылтыр. Физикалық дамуы жасына сәйкес емес, артта қалу байқалады. Туғанда мекониялы илеус нәтижесінде ішек өткізбеушілік байқалды. Ықтимал диагноз :

<question> 9 жасар қыз балада оң жақ тізе буынында ауырсыну, физикалық жаттығулардан кейін еңтікпе, дене қызуы 37,8 С көтеріледі. Екі апта бұрын лакунарлық ангинамен ауырды. І тонның көгертенуі пайда болды, жүрек ұшында систолалық шу. Оң жақ тізе буыны үлкейген, көлемі пальпация кезінде сезіледі. Аталған емнің қолайлысы :

<question> 12 жастағы бала, оң тізе буынындағы ауыру сезіміне шағымдары бар. Анамнезінен: бір ай бұрын ангинамен, конъюнктивитпен, уретритпен ауырған.Дәрігерлік қарау кезінде: екі көзінің конъюнктивасы қызарған. Оң тізе буыны қисайған, қызған, қимылдаған кезде ауырады. Жүрек пен өкпе қалыпты. Бауыр қабырға астынан 1 см шығыңқы. Зәр шығарған кезде ауыру пайда болады.Төмендегі диагноздардың дұрысы :

<question> 8 жастағы балада соңғы жыл бойынша буындарында таңертенгі сіресу байқалады, төсектен тұру және киім киюі қиындалды. Қарағанда: қолының саусақ фалангаларының, буындардың, тізе буынының қозғалуы және деформациясы байқалады. Ішкі ағзаларда ешқандай өзгірістер жоқ. Ықтимал диагноз:

<question> Баланың аяқ-қол терісінде, тізе және тобықтық буындарда ұсақ папулезды-геморрагиялық, симметриялық бөртпелер пайда болды, дене қызуы субфебрильды, іштің ауыруына шағымданады. Жалпы қан анализінде: нейтрофильді лейкоцитоз, СОЭ үдеуі. Фармакотерапияның қолайлысы :

<question> 3 жастағы баланың жалпы қан анализінде байқалды: лейкоцитурия, бактериурия. Жалпы қанында: лейкоцитоз, нейтрофилез, СОЭ жоғары. Объективті: қалтырау, интоксикация симптомы. Аталған аурулардың диагностикасында ықтимал қадам:

<question> 14 жастағы бала. 2 ай бойы субфебрильді температура, бетінде эритема, лимфатикалық түйіршіктері үлкейген, полиартралгия. Дәрігерлік қарау кезінде: бетінде эритематозды бөртпелер. Лимфатикалық түйіршіктер үлкейген, ауырмайды. Төмендегі диагностикалық шаралардың қай әдісін бірінші қолдану керек?

<question> 10 жастағы бала. Мұрнынан қан кетуіне шағымдары бар. Дәрігерлік қарау кезінде: экхимоздар. Бетінде, мойынында, қолдарында петехиальды элементтер. Лимфатикалық түйіршіктер бұршақ өлшеміне дейін үлкейген. Бауыры мен талақ қалыпты. Қан талдауы: эритроциттер - $3,2 \times 10^{12}/л$, гемоглобин - 101 г/л, лейкоциттер - $6,4 \times 10^9/л$, таяқшалар - 2%, эозинофилдер - 3%, лимфоциттер - 28%, моноциттер - 8%, ЭТЖ - 5 мм/с, тромбоциттер- $12 \times 10^9/л$.Бұл жағдайда қандай дәрі қолданған жөн?

<question> 3,5 жасар баланы қарағанда анус манында тітіркену және қасылған іздер орны бар. Бұл симптом қай ауруыға тән?

ОҚҰСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР		62/22 () 80 бетін 35 беті

<question> 2,5 жасар балада жиі ауырсынатын кіші дәрет. Шағымы суық тиюмен байланысты, 2 күн бойы мазалауда. Жағдайы орташа дәрежелі, дизуриялық бұзылыстарға байланысты. Перифериялық ісінулер жоқ, интоксикация айқын емес. Зерттеуде лейкоцитурия анықталды. Қандай диагноз болуы мүмкін?

<question> 10 жасар баланың жағдайы орташа дәрежелі интоксикация симптомына байланысты, дене температурасы 38,7°C, ұрғылау симптомы оң. Жалпы зәр анализінде лейкоцитурия, бактериурия. УДЗ – тостағанша-түбекше жүйесі қабыну өзгерістері. Баланың гипертермиясын жою үшін тағайындау керек:

<question> 8 айлық балада фебрилитет, айқын интоксикация, көз астында қараюлар, тістері шығып келеді, кіші дәреті сирек. Жалпы қан анализінде – лейкоцитоз, лейкоцитарлы формула солға ығысқан, ЭТЖ –25мм/сағ; ЖЗА – лейкоцитурия, бактериурия.

<question> Бала 3 жаста. ЖРА кейін денесінде көгерулер, петехиялар, мұрын және тіс иегінен қан кету көрінді. ЖКА: эрит-4,6x10¹²/л, НВ-130г/л, ТК-0,9, лейкоц.-7,4x10⁹/л, тромб.-50мың., ЭТЖ-5мм/сағ. Қандай диагноз болуы мүмкін?

<question> М. бала 4 жүктіліктен, 27 аптада УДЗ ұрықта «будда» позасы анықталды, плацента массасының бір шама ұлғаюы. Терісі өте боз, сарғылт, дененің барлық бетінде ісіну, гепатоспленомегалия. Биохимияда – гипербилирубинемия. ЖКА – эр. 2,5x10¹²/л, гемоглобин – 70 г/л, ТК-0,75, тромбоцит-100 мың. Емдеу барысында қандай препаратты ерте тағайындағанда нәрестенің бұл жағдайының алдын алуға болар еді?

<question> Бала 8 жаста, 1 сағат бойы ессіз қалыпта жатыр, Кулсмауль тынысы, бетінің гиперемиясы, терісі құрғақ, көз алмасы жұмсақ, аузынан ацетон иісі шығады. 3 апта бойы шөлдеу мазалаған, жиі кіші дәретке шығады. 1 кг-ға салмақ жоғалтқан. Төмендегі емнің дұрысы :

<question> 8 жастағы балаға үйге шақыру жасалды. Дене қызуының 38,8°C жоғарылауына, сол жақ жауырыңға, белге, берілетін асқазан асты аймағындағы белдемелі ауырсынуға, шөлдеуге, жүрек айнуға, құсуға шағымданады. Ауырғанына 2 жыл болған. Емдемді бұзған соң жағдайы нашарлаған. Басынан өткерген аурулары: ЖРВИ, 6 жасында эпидпаротит. Объективті: іші кепкен, эпигастрий аймағында, сол жақ қабырға астында ауырсыну мазалайды. Басқа мүшелер бойынша ерекшеліксіз. Қан талдауында – Нв - 120 г/л, Эр. - 3,95x10¹²/л, Л - 11x10⁹/л, ЭТЖ - 15 мм/сағ. Зәр диастазасы - 132 бірлік. Қандағы қант - 6,8 ммоль/л. Болжам диагноз :

<question> 6 жастағы қыз бала. Аяқ-қолдарының буындары мен бұлшықеттеріндегі, арқасындағы ауырсынуға, қатты тамақты жұтудың қиындауына шағымданады. Объективті: тері жабындылары қызыл-күлгін түсті, жоғары қабағында ісікті эритема, Готтрон белгісі анықталады. Болжам диагноз :

<question> 6 айлық бала. Анамнезінен: туылғаннан бастап нәжісі 2-3 күнде 1 рет, клизма жасағаннан соң нәжісі қою консистенциялы. Қарау кезінде: ішінің көлемі ұлғайған, үрленген, ауырсынусыз. Кіндігінен жоғары сопақша формалы түзіліс пальпацияланады. Болжам диагноз :

<question> 2 жастағы баланың салмағы 12 кг. Жиі түнгі уақытта тік ішек маңындағы қышу сезіміне шағымданады. Бала тітіркенгіш, мазасыз бола бастаған, есте сақтау қабілеті нашарлаған. Тік ішек маңы қатпарынан алынған қырындыда айырша (острица) құрт анықталған. Пирантелдің тәуліктік мөлшерін есептеңіз:

<question> 8 айлық бала. Салмағы 9 кг. Діріл синдромына байланысты қаралуға келді. Қарау кезінде: дене қызуы 36,7 С, тері жабындылары боз, тістері жоқ. Басы «төртбұрыш» формалы, қарақұс маңындағы шаштары түскен, қабырға «таспихтары» айқын. Хвостек, Люст симптомдары оң. Шұғыл шаралар :

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР		62/22 () 80 беттің 36 беті

<question> 12 жастағы қыз бала. Ауырғанына бірнеше сағат болған, белдемелі сипаты бар және омыртқаға берілетін ауырсыну көбінесе эпигастрий аймағында пайда болды. Жеңілдік әкелмейтін екі рет құсу болды. Объективті: боз, тілі ақ жабындымен жабылған, дене қызуы 37,8 С, іші кепкен, эпигастрий аймағы біршама қатайған. Ортнер симптомы күмәнді. Мейо-Робсон нүктесінде ауырсыну. Лейкоцитоз - $12,8 \times 10^9/\text{л}$. Тазалау клизмасынан кейін нәжісі болған, нәжіс массалары тығыз, майлы. Болжам диагнозыңыз:

<question> ЖРА бір апта өткен соң баланың бүкіл денесінде симметриялы емес полиморфты, полихромды бөртпелер, ауыз қуысының шырышты қабатында қан құйылулар, мұрыннан қан кету байқалды. Объективті: жүрек жағынан шамалы тахикардия, тондары тұйықталған, жүрек ұшында систоалық шу естіледі. Болжам диагнозыңыз :

<question> 1 жастағы бала, салмағы 10 кг. Дене қызуының 39,5 С дейін жоғарылауы байқалады, терісі боз, тырнақтары мен еріні көгілдір реңді, «ақ дақ» симптомы оң. Аяқ-қолдары суық. Шұғыл шаралар :

<question> 11 жастағы бала дене салмағының төмендеуіне (салмақ тапшылығы 7кг), оң жақ қабырға астындағы, эпигастрий аймағындағы ауырсынуға, жүрек айнуына, бас ауыруына, тітіркенгіштікке, жоғары тершендікке, қызбаға шағымданады. Объективті: физикалық дамуда артта қалу бар. Тері жабындылары субиктериялық. Іші жұмсақ, оң жақ қабырға астындағы, өт қабы нүктесінде ауырсыну байқалады. ЖҚА: Нв- 90г/л, Эр.- $3,0 \times 10^{12}/\text{л}$, лейкоц.- $10,5 \times 10^9/\text{л}$, п/я- 2%, сегментядролы-55%, э-8%, лимф.-25%, м-10%, ЭТЖ-17мм/сағ. Нәжісті құрт жұмыртқаларына тексеру кезінде құрт жұмыртқалары табылды. Глистті инвазияны анықтаңыз:

<question> 8 жастағы қыз баланың анасы жанұялық дәрігерге баласының бойының өсуінің төмендігіне, дене салмағының қосылуының болмауына, бас ауыруына, аяғындағы ауырсынуға, ішінің кебуіне, құсуға, жиі көлемді нәжіске шағымданып келді. Анамнезінде: ішінің кебуі мен мазасыздық 6 айынан бастап байқалған (геркулес ботқасы енгізілді). 1,5 жасынан бастап іштегі ауырсыну, оның көлемінің ұлғаюы, іш кебу, көлемді жиі нәжіс, құсу мазалайды. Нәжіс талдауы копрологияда - стеаторея. ФГДС-те субатрофиялық дуоденит анықталды. Болжам диагноз :

<question> 15 күндік бала жиі емізгеннен соң бірден немесе біршама уақыт өткен соң лоқсиды, жиі іріген сүт құсады. Белсенді емеді, нәжісі қалыпты консистенциялы, патологиялық қоспаларсыз, диурезі қалыпты. Анамнезінен: тез босану, Аpgар межесі бойынша 6-7 балл. Өмірінің бірінші күнінен бастап лоқсиды. Болжам диагнозыңыз :

<question> 12 жастағы балада баспадан кейін анықталған: субфебрилитет, әлсіздік, жүрек шектері кенейген, жүрек ұшында I-тон тынықталған, үрмелі систоалық шу, тізе буынының артриті. Анамнезінде жиі баспалар. Ықтимал диагноз:

<question> 12 жасар қыз бала бірнеше айлар бойы ауырған. Зәрде протеинурия және гематурия, іш қуысында және перикарда экссудат, денесінде бөртпе, қызба анықталған. Жалпы қан анализінде ЭТЖ жоғарылауы, анемия. Ықтимал диагноз :

<question> 13 жастағы балада тітіркендіргіштік, артралгиялар, тұрақсыз жүріс, баспаға мінгенде тез шаршау байқалады. Пальпацияда балтыр және иық бұлшық еттерінің тығыздығы қамыр тәріздес. Қанда креатинфосфокиназа, ЭТЖ жоғарлаған. Ықтимал диагноз :

<question> Қыз бала 9 жаста. Ішінің ауырсынуымен хирургиялық бөліміне түсті. Дене қызуы 37,8°С. Қанда лейкоцитоз жоқ. Танертенгісін аяқ қолының терісінде макуло-папулезды бөртпе, басқанда жойылмайды. Ықтимал диагноз:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР		62/22 () 80 бетін 37 беті

<question> Қыз бала 1,5 жаста. Анасын мазалайды баласының бор жегені. Қарағанда: терісі, кілегей қабаттары бозғылт, тырнақтары сынғыш. Қанағыштық жоқ. Жүрек тондары ырғақты, дыбысты, жүрек ұшында қысқа систолалық шу естіледі. Бауыры +1см. Талағы пальпацияланбайды. Сары сұдағы темір 7 ммоль/л. Ықтимал диагноз :

<question> 12 жастағы қыз балада бірнеше ай бойы эпигастрий аймағында түнгі ауырсыну, тәбеті сақталған, ваготония белгілері анықталған. ФГДС да 12-елі ішектің кілегей қабатының дефектісі. Осы аурудың жиі болатын асқынуы :

<question> 8 жастағы бала тамақтанғаннан кейін эпигастрий аймағындағы сыздап ауырсынуға шағымданады. Сирек жүрек айну, жиі кекіру, үнемі іш қату мазалайды. Қарағанда: пальпацияда әлсіз эпигастрий аймағында ауырсыну, тілінің ақ жабынмен жамылуы көрінеді. Нәжісі «қой құмалағы» тәрізді. Ықтимал диагноз:

<question> 12 жастағы науқас стационарға кескен, шаншитын, көбіне түнде болатын, қатты ұстама тәрізді эпигастрий аймағындағы ауырсыну шағымдарымен келіп түсті. Күндіз тамақ қабылдағаннан кейін ауырсыну басылады. Ішті пальпациялау қиындаған, пилородуаденальды аймақта ауырсыну байқалады, Мендель симптомы оң мәнді. Ықтимал диагноз :

<question> Балаға 2 апта, табиғи тамақтанады. 100гр. салмақ қосқан. Қызуы, интоксикация жоқ. Мазасыз. Қарағанда іші үрленген. Нәжісі көпіршікті, қышқыл, сары-жасыл. Ықтимал диагноз :

<question> 13 жастағы қыз баланы соңғы 4 ай бойына сұйық нәжістің күніне 2-ден 4 ретке дейін болуы, әсіресе таңертеңгі мезгілде, эмоциональды қозу кезінде дефекацияға императивті шақырулар байқалады. Нәжістің құрамында кілегей қоспасы бар, түнгі уақытта нәжіс болмайды. Қарағанда ауытқулар жоқ. Ықтимал диагноз:

<question> 8 айлық балада салмақ аз қосуы, тітіркенгіштіканықталады. Табиғи тамақтанады, 2 ай бойы сұлы және маннй ботқалар қабылдайды. Қарағанда жүрек-қантaмыр, тыныс жүйелер жағынан патология жоқ, псевдоасцит, нәжіс көп мөлшерде, жылтыр. Копрограммада стеаторея. Теріде натрий, хлор мөлшері қалыпты. Ықтимал диагноз :

<question> 14 жасар қыз балада оң жақ қабырға астында ұзаққа созылған ауырсыну мен керілу сезімі байқалады. Зерттеу кезінде: сарғаю жоқ, Кер симптомы оң, дене қызуы субфебрильді. ЭТЖ – 30 мм/сағ. Аурудың өршуі:

<question> Бала 8 айлық. Физикалық дамуы қалыс қалған. Нефролог бақылауында тұрады. Арасында айқын ісіктер, зәрінде айқын протейнурия көрінеді. Емі аз нәтижелі. Науқастың туыстарында ерте жас бала өлімі болған. Ықтимал диагноз :

<question> Шала туған нәресте өмірінің 9-шы тәулігінде жағдайы нашарлаған, гипотония, дене салмағының 40 гр жоғалтқан, бір реттік «кофе қоюы» тәрізді құсу болған. Қарағанда: тері жамылғысы бозғылт сұрғылт реңді, бірлі- жарым петихиальды бөртпе элементтері байқалады. Кіндік венасы пальпацияланады. Өкпеде сырылдар, еңтігу, тахикардия, гепатоспленомегалия,жасыл нәжіс анықталады. Ықтимал диагноз:

<question> Жаңа туған нәресте әлсіз, емшектен бас тартады, құсады. Өмірінің 5ші күні салмақ жоғалту 18% жоғары. Терісі бозғылт сұрғылт. Менингоэнцефалит белгілері көрінеді. Өкпеде крепитациялық сырылдар естіледі. Іші үрілген, гепатолиенальды синдром. Кіндік жарасы қабыршақпен жабылған, ірідеп тұр. Қан анализінде лейкоцитоз, нейтрофилез солға ығысқан. Ықтимал диагноз :

<variant> Сепсис

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР		62/22 () 80 беттің 38 беті

<question> 10 айлық қыз бала 5 күн бойы фебрильды қызуы, жиі зәр шығару, зәр шығарғанда жылайды, локсийды, үш рет құсу, сұйық нәжіс. Жөтел, өкпеде өзгерістер жоқ. Копрограммада ауытқулар жоқ. Ықтимал диагноз:

<question> Салқын өзенге түскеннен кейін қыз балада ішінің төменгі бөлігінің ауырсынуына, жиі және ауырсынулы зәрге отыруға шағымданады. Ісік, гипертензия жоқ. Зәрде белок жоқ, лейкоцитурия, эритроциты жаңа, жалпақ эпителий. Ықтимал диагноз:

<question> 3 жасар балада бетінде, денесінде, балтыр мен табанында айқын жайылған ісіктер, асцит байқалады, бауыры +3 см. Тәуліктік диурез 300 мл, АҚҚ 95/55 мм сын бағ б/ша. Биохимиялық қан анализінде гипопротейнемия, гиперхолестеринемия, қалдық азот 14,2 ммоль/л, мочевина 5,5 ммоль/л. Зәрде жоғары протеинурия, эритроциттер мен лейкоциттер жоқ. Ықтимал диагноз :

<question> Бала 2 жаста, жиі ауырады. Терісінің, кілегей қабаттарының бозғылтығы, энурез, тырнақтарының сынғыштығы анықталған. Қарағанда дене қызуы қалыпты, тері кілегей қабаттары бозғылт. Қан ағушылық жоқ. Жүрек ұшында систоалық шу естіледі. Бауыры +2 см. Талағы пальпацияланбайды. Зәр шығаруы бұзылмаған. Сарысулық темір 9 ммоль/л. Ықтимал диагноз :

<question> Балада 2 апталық мерзімінде басының шаш бөлігінің шаш фоликуласы аймағында жан жағы әлсіз гиперемияланған іріңді бөртпе элементтері пайда болған. Айқын емес интоксикация белгілері байқалады, дене қызуы 37,3. ЖҚА – анемия, лейкоцитоз, нейтрофилез, ЭТЖ жоғарылауы. Ықтимал диагноз:

<question> Бала 6 айлық. Туғанда меконеальды илеус байқалған, екі рет пневмониямен ауырған. Алғашқы айынан бастап тұрақты коклюштәрізді жөтел мазалайды. Қарау кезінде тәбеті қанағаттанарлық, бірақ салмақ дұрыс қоспайды. Ентігу жоқ. Өкпеде екі жақты әртүрлі калибрлі ылғалды және құрғақ сырылдар естіледі. Іш катулар байқалады. Ықтимал диагноз:

<question> 2 жасар бала қабылдау бөліміне құрысу синдромымен келіп түсті. Қарағанда: ақшыл шашты, көгілдір көзді, қалыпты дене бітімді, баладан «тышқан иісі» шығып тұр, қол терісінде экзема элементтері байқалады, психомоторлы дамуы өте қалыс қалған. Ықтимал диагноз:

<question> Жаңа туған нәресте 25 күндік. Өмірінің 3 іші күнінен тері жамылғысының, көз склерасының сарғыштығы, арасында нәжісінің түссізденуі байқалған. Бауыры +2 см, талағы пальпацияланбайды. Қанда гипербилирубинемия, тіке билирубин. Ықтимал диагноз:

<question> Қыз бала 5 жаста. Шағымдары: бір реттік құсу, бетінде аяғында ісік, «ет жуындысы» тәрізді зәрдің пайда болуы. Баспамен ауырғаннан кейін 2 аптадан соң ауырған, тәуліктік диурез 300-400 мл. Ықтимал диагноз:

<question> Қыз бала 12 жаста. 4 жылдан бері қант диабетімен ауырады. Инсулинотерапия алып жүр. Дене шынықтыру кезінде есінен танған, қысқа уақытты құрысу болған. Тері жамылғысы ылғалды. Дене қызуы қалыпты. Ықтимал диагноз:

<question> Баланы шаршағыштық, ұстама тәрізді, өткір іш ауырсынуы, дене қызуының жоғарылауы мазалайды. Ішті пальпациялағанда оң жақ қабырғаастында ауырсыну байқалады, Кэра, Ортнер симптомдары оң мәнді. Қан анализінде айқын емес лейкоцитоз. Нәжісі қалыптасқан. Диагнозды дәл қоюға көмектесетін зерттеу әдісі:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР		62/22 () 80 бетін 39 беті

<question> 8 жастағы балада баспамен ауырғаннан 12 күннен кейін екі тізе буындарының ісінуі анықталған, 3-4 күннен кейін белгілері жойылған. Қарағанда кардит белгілері. Денесі мен иық терісінде сақиналық эритема. ЭТЖ- 45 мм/сағ. Ауруды емдеу үшін қажетті антибиотик:

<question> 12 жастағы ер балаға эпигастрий аймағының ауырсынуына байланысты биопсия мен фиброгастродуоденоскопия жасалған. Беткейлі гастродуоденит қойылған. Биоптатта *Helicobacter pylori* анықталған. Қоздырғыштын эрадикациясына қажет препарат:

<question> Баланы шаршағыштық, қызусыз ұстама тәрізді, жедел қысқа уақытты іш ауырсынуы мазалайды. Іш пальпация кезінде Мерфи, Кер симптомдары оң мәнді, эпигастрий аймағында ауырсынады. Қан анализі өзгеріссіз. Дуоденальды зондтау кезінде Одди сфинктерінің жабылу уақыты - 9 мин. Жалпы емдеу жоспарына енгізетін дәрілік препарат:

<question> 6 күндік бала. Субфебрильды қызба, лоқсыйды. Екі күн бойы сан, дене терісінде инфильтративті полиморфты, жан-жағы гиперемияланған, диаметрі 2см дейінгі, ішінде серозды-ірінді бөлінісі бар көпіршіктер пайда болған. Мүшелер бойынша өзгерістер жоқ. Анасы терісін бриллиант көгімен өндеген. Науқасқа қажетті препарат:

<question> Жаңа туған ер бала. Рефлекстерінің төмендеуі, әлсіз ему байқалады. Мерзімінен асып туған. Туғандағы салмағы 4000кг. Қарағанда: терісі құрғақ, бозғылт, пастозды, брадикардия. Іші ұлғайған. Тілі үлкен, кіндік жарығы байқалады. Нәжісі күнара. Диагноз қоюға қажетті скрининг тест:

<question> 3 жасар қыз балада жоғары қызба, дизурия байқалады. Іші жұмсақ, пальпацияда ауырсынусыз. Ісіктер байқалмайды. ЖҚА де нейтрофильді лейкоцитоз солға ығысқан. ЖЗА де белок іздері, пиурия. Диагноз қою үшін сіздің әрі қарай жүргізетін тактикаңыз...

<question> Қыз бала 7 жаста. Іш ауырсынуына, жиі зәр шығаруға шағымданады. Дене қызуы 38, тері жамылғысы бозғылт, ісіктер жоқ, сол жақ бүйрек пальпациялағанда ауырсынады. ЖҚА де лейкоцитоз, нейтрофилез солға ығысқан, ЭТЖ жоғарылаған. ЖЗА де белок 0,09г/л, эритроциттер 1-2 к/а, бактерурия, лейкоциттер барлық к/а, бактерурия. Осы ауруға қажет ем:

<question> 9 жасар ер бала ауруханаға ісік, әлсіздік, тәбетінің болмауы шағымдарымен келіп түсті. Жиі фарингитпен ауырады. Объективті: айқын перифериялық және құыстық ісіктер, АҚҚ 150/80 мм сын бағ б/ша. ЖЗА жоғары протеинурия, макрогематурия, цилиндрурия. Осы аурудың симптоматикалық емі:

<question> Асқынған жүктіліктен екіапталық нәресте. Қарағанда: тері жамылғысы қарқынды сарғыш, экзантемалар. Гепатоспленомегалия. Қан биохимия анализінде жалпы билирубин саны жоғарылаған, тіке емес фракция есебінен. ЦМВ-қа ИФА оң мәнді. Осы науқасқа қажетті ем:

<question> Жасы үлкен (егде жастағы) анадан туылған жаңа туған нәресте. Қарағанда төмендегідей симптомдар байқалғпн: жалпақ бет, кеңсірігі жалпақ, «монғол тәрізді» көздің қиығы, психомоторлы даму қалыс қалуы, төстің сол жақ шетінде дөрекі систоалық шу, бұлшықет гипотониясы. Диагноз қою үшін зерттеу әдісі:

<question> Қыз бала 3 жаста. 8 айлық жасынан бастап салмақ нашар қосуы, іш ұрленуі, кезекпен болатын құсу, көп мөлшерлі жиі нәжіс анықталады. Нәжіс анализінде - стеаторея. Нақты диагноз қоюға көмектесетін зерттеу әдісі:

<question> 5 жастағы қыз бала, ішінің ауырсынуына, көрудің нашарлауына шағымданады. Кулссмауль тынысы, бет қызаруы, тері құрғақтығы, көз алмасы жұмсақ, ауызынан ацетон иісі шығады, араны

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР		62/22 () 80 беттің 40 беті

гиперемияланған, тахикардия. Бірнеше аптадан бері шөлдеу мазалайды, жиі зәр шығарады, 2 кг салмақ жоғалтқан. Баланы жатқызатын бөлімше:

<question> 5 жастағы қыз балада 4 күн бойы 38,50С дейінгі қызба байқалады. Зәрде белок – 0,33 г/л, тұнбасында- лейкоциттер көп мөлшерде, эрит-0-1 к/а. Осы ауруда рациональды диетотерпиясы :

<question> Науқас Б 12 күндік, 4,5кг салмақта жетіліп туылған. Бала борпылдақ, толық, теріасты майкабаты жақсы дамыған. Бұлшықет тонусы төмендеген, тынысыалуы қиын, шулы, даусы дөрекі. Ему кезінде цианоз байқалады, мазасыз. Куде рентенограмасында кеудеаралықта көлеңке, жоғарғы жағы кеңіген, «тамшылы» жүрек. Мерзімді дене қызуы жоғарлайды. Белсенді түрде гормональды, дезинтоксикациялық, антибиотикті ем қабылдады бірақ нәтижесіз. Бала өршіген тыныс жетіспеушілігінен қайтыс болды. Мүмкін болжам диагнозы:

<question> Ауруханада жасы 11 тәулік, уақытында туған нәресте емделіп жатыр. Анасы баласының іш кату бейімділігіне (газ шығару трубкасын енгізгеннен кейін нәжісі шығады) және тері сарғыштығының сақталуына, салмақ қоспауына шағымданады. Анамнезі: шешесі эндокринолог дәрігерге қаралады, бала 4200г. салмақпен туған. Қарау барысында кең кеңсірік, көздерінің алшақ орналасуы, тілі үлкен, қалың болғандықтан аузын жаба алмайды, кіндік жарығы, денесінің жалпы ісіңкі болуы байқалады. Бала енжар, ұйқышыл. Бір нәрсеге қарау көңілі қысқаша. Терінің вегето-тамырлық реакциясы жүйкенің парасимпатикалық түрі бойынша айқын байқалады. Туа біткен рефлекстері жаман емес, бірақ аздаған бұлшықет гипотониясы бар. Тірек және қадам рефлекстері төмендеген. Ошақты симптомды өзгерістер жоқ. Тыныс алу жиілігі минутына 38 рет. Жүрек соғу жиілігі минутына 100 рет. Ішкі мүшелерінде патология жоқ. Алмастырушы ем ретінде қолдануға болатын препарат:

<question> Қабылдауда 6 жасар бала. Шағымы: буындардың ауруы, таңертеңгілік бойкүйездік, қызба. Буындық синдром 2 жастан. Стероидты емес препараттардан нәтижесі уақытша. Қарау кезінде, жағдайы ауыр, белтаз аймағы буындары. қолтықасты, шынатақ лимфотүйіндері пальпацияланады. Тізе, тобық, саусақ буындары, көлемі өзгерген , ұстағанда ыстық, қозғалысы шектелген. Жүрек шекарасы оңға жылжыған. Бауыр +5 см. ЖҚТ: Нb-90 г/л, L-15,0·10⁹/л, ЭТЖ-45мм/сағ. ЖЗТ ақуыз-0,33% в п/а. Сіздің диагнозыңыз:

<question> 6 жастағы қыз бала. Қол-аяқ буындарының және арқа бұлшықеттердегі ауырсынуға, қатты тамақты жұтудың қиындауына. Объективті: терісінде – жоғары қабақта қызыл-күлгін түсті ісінген эритема, Готтрон белгісі – саусақтардың буындарының жазғыш беткейінде қызыл-күлгін кератикалық атрофиялық эритема. Лабораторлы: трансфераза, КФК, ЛДГ белсенділігінің жоғарлауы. Алдын-ала диагнозды атаңыз:

<question> Қарау барысында 2айлық балада бой өсуінің 25% қалыптыдан артта қалуы анықталған. Нервно- психическое дамуы жасына сай. Болжам диагноз:

<question> 14 жасар науқас, қол саусақтарының терісі қатайып, қалыңдауына шағымданады, тынысалуының қиындауы, кеуде клеткасының сол жақ бөлігінде ауырсыну және тағам жұтқанда жұтқыншақта «ком» тұрғандай сезімі. 2 ай аралығында Рейно синдромы. Болжам диагнозыңыз:

<question> Бала 10 жаста. Дене температурасының 37,8⁰С жоғарылауына, аяқ буындарының ауруына шағымданады. Анамнезінде 2 апта бұрын баспамен ауырған. Перкуторлы: жүрек шекарасының 1 см оңға ұзаруы, аускультативті –екі тонның да тұйықталуы , систолалық шу дауылды тембрда. ФКГ: жоғарғы жиілікті эндокардиальды шу. Лабораторлы: ЭТЖ – 20 мм/сағ., L-8,5х10⁹/л, антистрептолизина 0 мөлшерінің ұлғаюы. Диагноз қойыңыз:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР		62/22 () 80 беттің 41 беті

<question> 2 күндік нәресте, 4 жүктіліктен, алғашқы 3 жүктілік ерте мерзімде аяқталған. Босануға 2 күн қалғанда дене температурасы 39С дейін көтеріліп, цистит, бел ауруы байқалған. Объективті: нәресте дене температурасы 38,5С, тері түсі бозғылт, теріде папулезды-розеолезды бөртпе, өкпеде тынысы әлсіреген, крепитациялы сырылдар естіледі. Мойын лимфотүйіндері ұлғайған, бауыры +2см. Анасы ауылда тұрады. Құрсак ішілік инфекциядан бірінші кезекте ажырату қажет:

<question> 7 күндік нәресте қысқышпен алынған. Қараған кезде белсенді емес, емуі жақсы, дауысы қатты шығады. Сол қолы бүйіріне жанасып, ротацияланған, қимыл жоқ, орау кезінде мазасызданады, қолдарының селқос парапарезі. Туыттық жарақат түрі сол жақ бұғананың сынуы. Емдеу тактикасының тиімдісі:

<question> Нәресте 7 күндік, бірінші босанудан, салмағы 3,800, Апгар шкаласы бойынша 7-8 баллмен туылды. Анасында қан тобы О(І), нәрестеде А(ІІ). Анамнезінде: мекония шығуының тоқтауы, құсу. Қарап тексергенде: тері қабаттары және склерасы сарғайған, құрғақ, денесінде петихиальды бөртпелер, кіндік жарығы, беті шамалы ісінген, переносица қатайған, макроглоссия, сирек нәжіс, брадикардия, кезеңді ахолиялық нәжіс. Сіздің болжам диагнозыңыз:

<question> Нәресте 12 күндік, салмағы 3,000, Апгар шкаласы бойынша 8 баллмен мерзіміне жетіп туылды. Шағымдары: кіндік жарасынан іріңді бөліністер, субфебрилитет. Объективті: нәресте әлсіз, лоқсиды, нашар емеді, кіндік сақинасында ісік және гиперемия, кіндік айналасындағы тері шел майдың инфильтрациясы, терісі ыстық, іштің алдыңғы қабырғасында қантамырлар кеңейген. Сіздің болжам диагнозыңыз:

<question> Жаңа туған нәресте 3 созылынқы туыттан, жамбасымен жатуы арқылы туылған. Анасы 48 жаста. Қарап тексергенде: оң қолы денесіне жабысқан, шынтак буынында бүгілген, ішке бұрылған, иық буынында бұрылған, білегі артқа және ішке қаралған. Сіздің болжам диагнозыңыз: